

Салыстырмалы шырай

Салыстырмалы шырай бір заттың сынын, я сипатын, түсін екінші заттың біртектес сынымен, белгісімен салыстырып, сол салыстыратын белгілердің, түрлердің бір-бірінен, я артық, я кем екенін білдіреді. Салыстырмалы шырай жасаушы қосымшалар мыналар:

а) *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек*. Мысалы: Әміре ортадан *төменірек* бойлы, ақ сарғылт өнді дөңгелектеу жүзді еді (Мұқанов). Қараойға қарағанда Сұлутөбе *бойшаңырақ* (Мүсірепов).

ә) *-лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу*. Мысалы: Үйден бір *аласалау*, көлденені *жалпақтау* қыз шықты да, біздің жолдастың қолын алып, амандасты (Жансүгіров). Бұл кезде өлең жазатын сылқым, *серілеу* жігіттің өзі - осы (Әуезов). Ниетқабылдың отша жанған сәл *кішілеу* қара көзі тесіле қарады (Сланов).

Бұл аталған екі қосымша тиісті белгіні салыстыру үшін қолданылғанмен, олардың формаларының екі басқа болуына қарай, үстейтін мағыналары бір-бірінен ажыратылады. Атап айтқанда, *-лау, -леу, -дау/ -деу, -тау, -теу* жұрнақтары өзі қосылатын сындық белгіге (сын есім сөзге) бәсеңдік, солғындық, шағындық реңк жамаса, *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек* жұрнақтары, керісінше, басымдық, артықтық, молдық реңк жамайды. Осы мағыналық реңкіне сәйкес шырай категориясын зерттеуші ғалымдардың бір тобы *-лау, -леу, -дау/ -деу, -тау, -теу* жұрнақтарын – бәсең не шағын шырай, ал *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек* жұрнақтарын – өсіңкі шырай деп атап, шырайдың бір түрі ретінде де көрсетеді.

Бұл екі қосымша сын есімнің бір тобы – сапалық сын есімдерге жаппай жалғанып, грамматикалық абстракция жасайды. Сөйтіп, форма тудырушы қосымшаларға тән екінші критерий – белгілі бір сөз табына немесе бір тобына (сапалық сын есімдерге) жаппай жалғану шартына сәйкес келеді.

-лау, -леу, -дау/ -деу, -тау, -теу және *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек* жұрнақтары сын дәрежесін (реңкін) білдіретін басқа қосымшалардан грамматикалық абстракция жасай алу сипатымен ерекшеленеді де, сөзжасам қосымшаларына қойылатын талғап жалғану шартына қайшы келеді. Осы қасиетіне қарай бұл жұрнақтар форма тудырушы қосымшаларға жатқызылып, шырай категориясының құрамында қаралады.

Сапалық сын есімдерге ғана жалғанып, сын дәрежесін (белгі реңкін) білдіретін жұрнақтар да бар. Олар: 1. *-ғыл, -гіл, -ғылт, -қылт, -ғылтым, -қылым*. *Сарғылт* мұнай заводты көрсетпейді (Мұстафин). Етікші шыңы бұл күнде *бозғылт* мұнарға оралған (Омаров). Бір сәтте көл үстінде үлкен *қызғылт* шәлі жайына қалып, сол толқындалып жатқан тәрізді көрінді (Аймауытов).

2. *-шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім*. *Көкшіл* көздерінің астын кіреукелетіп көлеңке басқан (Ерғалиев). Үлкен *көкшіл* көзі мөлдіреп күлімдеп тұр (Шашкин). Аспан *ақшыл* тартып мұнарта түседі (Есенжанов). Шөп жеп тұрған екі-үш ат *көкшіл* бау шөпті күтір-күтір шайнай түсіп, пысқырып қойысады (Әуезов).

3. *-ғыш, -ілдір. Сарғыш* шашы ұйпаланып қалыпты (Бердібаев). Бет бітімі жұқалаң, ақшыл *сарғыш* (Әуезов). Жанна бір бұрышқа *көгілдір* түсті торшер әкеліп жақты (Жұмақанов).

4. *-аң, -қай, -ша, -ше.* Бала *қоңырқай сопақша* беті күреңденген күйі отырып қалды (Есенжанов). Хасен қапсағай, *ашаң*, сіңір денелі, көселеу, сұр жігіт (Сейфуллин).

Сынның реңкін, дәрежесін білдіретін мұндай қосымшалардың сапа мәнді сөздерге үстейтін мағынасы *-лау, -леу, -дау/ -деу, -тау, -теу* және *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек* жұрнақтарымен ұқсас болғанмен, форма тудырушы қосымшаларға тән критерийдің бірі – жаппай жалғану шартына сәйкес келмейді. *-ғыл, -гіл, -ғылт, -қылт, -ғылтым, -қылтым, -шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім, -ғыш, -ілдір, -аң, -қай, -ша, -ше* жұрнақтары сапа мәнді сөздерге талғап жалғанады. Осы ерекшелігіне сәйкес оларды сөзжасам қосымшасы ретінде де тануға болар еді. Алайда өздері жалғанған сөздерге жалғанып, мүлде жаңа мағыналы сөз тудырмайды, белгінің реңкін, дәрежесін білдіреді. Бұл жағынан зат есімнің рең мәнін тудыратын қосымшаларға ұқсайды. Осымен байланысты қазақ тіл білімінде С.Исаев аталған *-ғыл, -гіл, -ғылт, -қылт, -ғылтым, -қылтым, -шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім, -ғыш, -ілдір, -аң, -қай, -ша, -ше* жұрнақтарын былай қойғанда, сын есімнің шырай категориясын зат есімнің септік, тәуелдік категориясы мен етістіктің шақ, жақ, рай сияқты түрлену жүйесі бар категорияларға ұқсамайтын, түрлену жүйесі жоқ лексика-грамматикалық категория ретінде таниды. Олай болса, сын есімнің шырай категориясы парадигмалық түрлену жүйесі бар таза грамматикалық категория емес. Ал салыстырмалы шырай формалары (*-лау, -леу, -дау/ -деу, -тау, -теу* және *-рақ, -рек, -ырақ, -ірек*) белгінің артық я кемдігін салыстырмалы түрде білдіріп, сапаның белгісін күшейтіп не асыра көрсететін күшейтпелі шырай түрінен ерекшеленіп, сапалық сын есімнің шырай категориясының құрамына енеді.